

Шағын индустриялық аймақтарды құру және олардың жұмыс істеу ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 3 қыркүйектегі № 693 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 9 қыркүйекте № 19355 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар" 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 20) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған шағын индустриялық аймақтарды құру және олардың жұмыс істеу ережесін бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустріялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

P. Склляр

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Каржы министрлігі

Қазақстан Республикасының
Индустрія және
инфрақұрылымдық
дамуының министрінің
2019 жылғы 3 қыркүйектегі
№ 693 бұйрығымен
бекітілген

Шағын индустриялық аймақтарды құру және олардың жұмыс істеу қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыш министрінің 01.08.2024 № 287 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы шағын индустриялық аймақтарды құру және олардың жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының арнағы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 11 бабының 20) тармақшасына сәйкес әзірленді және шағын индустриялық аймақтарды құру және олардың жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда келесі негізгі ұфымдар қолданылады:

1) әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация (бұдан әрі – өнірлік институт) – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының шешімі бойынша құрылған, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі, өнір экономикасының дамуына жәрдемдесуді жүзеге асыратын акционерлік қоғам нысанындағы өнірлік даму институты;

2) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын алқалы атқарушы орган;

3) комиссия – консультативтік-кеңесші орган ретінде өнірлік үйлестіру кеңесінің базасында тиісті жергілікті атқарушы органның шешімімен бекітілген және жұмыс істейтін шағын өнеркәсіптік аймақтарды құру және олардың жұмыс істеуі жөніндегі комиссия;

4) шағын индустриялық аймақ – шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін орналастыру үшін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен және пайдалануға берілген өндірістік және өзге де үй-жайлармен (шағын өнеркәсіптік аймақтар) қамтамасыз етілген аумақ;

5) шағын өнеркәсіп аймағын құруға өтініш беруші (бұдан әрі – өтініш беруші) – шағын өнеркәсіп аймағын құруды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектісі;

6) шағын өнеркәсіптік аймақтың резиденті – шағын өнеркәсіптік аймақтың аумағында өңдеуші өнеркәсіпте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектісі.

3. Шағын индустриялық аймақтар пайдалануға берілген дайын өндірістік үй-жайлардың (шағын өнеркәсіптік аймақтардың) участекерінде құрылады, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне беріледі.

2 тарау. Шағын индустриялық аймақтарды құру тәртібі

4. Шағын индустриялық аймақты құру туралы ұсынысты жергілікті атқарушы органға өнірлік кәсіпкерлер палатасы немесе мемлекеттік немесе мемлекеттік емес

занды тұлға шағын индустриялық аймақты құру тұжырымдамасын қоса бере отырып енгізеді.

5. Шағын индустриялық аймақты құру тұжырымдамасы мыналарды қамтиды:

- 1) шағын индустриялық аймақты құру мақсаттары;
- 2) шағын индустриялық аймақ жобаларын іріктеу критерийлерінің тізбесі;
- 3) болжалды қаржылық-экономикалық және әлеуметтік салдары;
- 4) шағын индустриялық аймақтың орналасу схемасы;

5) әрбір компонент және тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігі бөлінісінде іс-шараларды іске асыруға қаржыландыру көлемін есептеу;

6) шағын индустриялық аймақты дамыту жоспарының жобасы.

6. Өнірлік үйлестіру кенесі (бұдан әрі – ΘҮК) ұсыныс тіркелген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тұжырымдаманы қарau негізінде шағын индустриялық аймақты құрудың орындылығы туралы ұсыныс шығарады.

7. Шағын индустриялық аймақты құру туралы шешімді ΘҮК оң шешімінен кейін жергілікті атқарушы орган қабылдайды.

8. Шағын индустриялық аймақ құруды қаржыландыру шағын өнеркәсіптік аймақтар құрылышын қаржыландыру есебінен жүзеге асырылады.

9. Жергілікті атқарушы орган шағын индустриялық аймақ құрылған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұл туралы бірыңғай үйлестіру орталығын хабардар етеді.

10. Шағын индустриялық аймақты құру үшін жер участеклерін беру индустриялық аймақтарды құру үшін жер участеклерін беру тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасы Жер кодексінің нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3-тaraу. Шағын индустриялық аймақтардың жұмыс істеу тәртібі

11. Шағын индустриялық аймақ құрылатын мемлекет меншігіндегі жер участеклері Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес шағын индустриялық аймақтың басқарушы компаниясына уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға алуға) беріледі.

12. Шағын индустриялық аймақ құрылатын жер участеклері жергілікті бюджет және (немесе) Қазақстан Республикасының жер заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз етіледі.

13. Дайын өндірістік үй-жайларды салуды немесе реконструкциялауды қаржыландыру тәртібі осы қағидалардың 4-тaraуымен реттеледі.

4-тaraу. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін өндірістік және өзге де ғимараттарды (үй-жайларды) құру тәртібі

14. Шағын өнеркәсіптік аймақтар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін өндірістік және өзге де ғимараттар (үй-жайлар) бола отырып, шағын индустриялық аймақтардың бөлігі болып табылады және мынадай мақсаттарда құрылады:

1) шағын және орта бизнес субъектілерін инфрақұрылымдық қолдау, жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін оңтайлы орта құру;

2) шағын өнеркәсіптік аймақтар базасында бәсекеге қабілетті өнеркәсіптік өндірістерді құру және дамыту;

3) жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және жергілікті халықтың табысын арттыру;

4) өңірдің және елдің экономикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің үлесін арттыру арқылы экономикалық ортаны тұрақтандыру;

5) салық базасын ұлғайту.

15. Шағын өндірістік аймақтар келесі жолдармен құрылады:

1) жаңа өндірістік үй-жайлар салу;

2) өтініш берушінің балансындағы тоқтап тұрған өндірістік үй-жайларды реконструкциялау;

3) өтініш берушінің балансындағы қолданыстағы өндірістік үй-жайды немесе жылжымайтын мұлік объектілерінің кешенін кеңейту.

16. Шағын өнеркәсіптік аймақтар өтініш берушінің меншігіндегі не өтініш берушіге тиесілі жер участеклерінде, оның ішінде арнайы экономикалық аймақтардың, республикалық немесе өңірлік маңызы бар жеке не мемлекеттік индустриялық аймақтың аумақтарында жер пайдалану құқығы негізінде құрылады.

Шағын өнеркәсіптік аймақты құру үшін жер пайдалану құқығының қолданылу мерзімінен артық қаржыландыру мерзімі жер пайдалану құқығын берген жергілікті атқарушы органның келісімі бойынша ғана берілуі мүмкін.

17. Шағын өнеркәсіптік аймақ:

1) белгіленген шекаралары бар аумақ;

2) құрылыш болған жағдайда және жаңа шағын өнеркәсіптік аймақтарды салу, сондай-ақ оның ауданы кемінде 1500 (мың бес жұз) шаршы метр жылжымайтын мұлік объектілерінің қолданыстағы кешенін кеңейту кезінде;

3) шағын өнеркәсіптік аймақтардағы өндірістік үй-жайлардың ауданына қарамастан, алаңның кемінде 80% шағын өнеркәсіптік аймақтардың әлеуетті резиденттерін орналастыру үшін берілуге тиіс;

4) ауыртпалықтар (несие ұйымының кепілін қоспағанда) мен занды талаптардың болмауымен пайдалануға жарамды;

5) елді мекенге тікелей жақын жерде немесе көлікке қол жетімділігі бар жерде орналасқан.

18. Шағын өнеркәсіптік аймақтарды құру осы Қағидаларға 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша шағын өнеркәсіптік аймақты құру туралы өтініш (бұдан әрі – Өтініш) түрінде ресімделетін шағын өнеркәсіптік аймақты құруға мүдделі өтініш берушінің бастамасы бойынша шағын өнеркәсіптік аймақты құру тұжырымдамасын (бұдан әрі – Тұжырымдама) қоса бере отырып, өңірлік институттың атына жүзеге асырылады.

19. Шағын өнеркәсіптік аймақты құру тұжырымдамасы мыналарды қамтиды:

- 1) шағын өнеркәсіптік аймақты құру мақсаттары;
- 2) шағын өнеркәсіптік аймақтың әлеуетті жобаларының тізбесі (бар болса);
- 3) шағын өнеркәсіп аймағын салуға қажетті қаржыландыру есебі;
- 4) шағын өнеркәсіптік аймақтың орналасу схемасы;
- 5) шағын өнеркәсіптік аймақ аумағының эскиздік жобасы.

20. Өңірлік институт ұсынылған құжаттардың толықтығы мен дұрыстығына шағын өнеркәсіп аймағын құру туралы өтінішті қарайды және өтініш тіркелген күннен бастап 20 (жырма) жұмыс күні ішінде мынадай іс-шараларды жүзеге асыру жолымен мәлімделетін шағын өнеркәсіп аймағын құрудың орындылығына талдау жүргізеді:

1) өтініш келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде шағын өнеркәсіптік аймақ құру ниеті және әлеуетті резиденттерді іздеу туралы өңірлік институттың ресми интернет ресурсында орналастыру;

2) тиісті облыстың (қаланың) жергілікті атқарушы органды жүзеге асыратын кәсіпкерлік ортаны, инвестициялық ахуалды және жеке кәсіпкерлікті дамыту инфрақұрылымын талдау қорытындыларын салыстыру (зерделеу) жолымен әлеуетті резиденттерді іздеу;

3) өңдеу өнеркәсібінің әлеуетті резиденттерінің тізімін олардың шағын өнеркәсіптік аймаққа қатысу ниеті туралы хаттарын қоса бере отырып қалыптастыру;

4) шағын өнеркәсіптік аймақта өңдеу өнеркәсібіндегі салалық бағытқа байланысты әлеуетті резиденттердің сегменттелген орналасу схемасын жасау;

5) құрылатын шағын өнеркәсіптік аймақта әлеуетті резиденттердің жобаларды іске асыруы үшін инженерлік-инфрақұрылымдық қуаттар туралы ақпарат дайындау;

6) өңірдегі өндірістік үй-жайлардың нарықтық құнына салыстырмалы талдау жүргізу;

7) өңірдегі өндірістік үй-жайлардың ағымдағы жағдайы бойынша, оның ішінде болуы, толтырылуы және бос аландары бойынша ақпарат дайындау.

21. Жүргізілген талдау қорытындылары бойынша өңірлік институт талдау жүргізу аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органдың атына шағын өнеркәсіптік аймақты құрудың орындылығы туралы қорытындыны, Өтініш пен Тұжырымдаманы қоса бере отырып, хатпен ресімделетін ұсыныс енгізеді.

Шағын өнеркәсіп аймағын құру туралы шешімді жергілікті атқарушы орган қабылдайды.

Оң шешім өңірлік институтқа жазбаша растау Жолдау арқылы жүргізілген талдау қорытындылары бойынша шағын өнеркәсіп аймағында қажеттілік анықталған жағдайда қабылданады.

Теріс шешім шағын өнеркәсіптік аймаққа қажеттілік болмаған жағдайда дәлелді бас тартуды өңірлік институттың атына жіберу жолымен қабылданады, бұл туралы өтініш беруші осындаш шешім келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

22. Жергілікті атқарушы органның оң шешімі болған кезде өнірлік институт оң шешім алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағын өнеркәсіп аймағын құру туралы оң шешімді қоса бере отырып, өтінішті Өнеркәсіпті дамыту қорының (бұдан әрі – кредиттік ұйым) мекенжайына, Өтініш пен Тұжырымдамамен жібереді.

23. Кредиттік ұйым 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде кредиттік ұйымның ішкі ережелеріне сәйкес өнірлік институттың өтінішін қарайды.

24. Ұсынылған құжаттар топтамасы кредиттік ұйымның қаржыландыруды мақұлдау және кейінге қалдырылатын талаптарды орындауды туралы оң шешімі сәйкес және толық болған кезде, кредиттік ұйым 3 (үш) жұмыс күні ішінде өнірлік институтпен осы Қағидалардың 27-тармағында көзделген талаптармен шағын өнеркәсіптік аймақ құруға арналған қарыз шартын жасасады.

25. Шағын өнеркәсіптік аймақты құруға арналған қарыз шартын жасасу кезінде өнірлік институт кредиттік ұйыммен қарыз шартын жасасқаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 28-тармағында көзделген талаптарда өтініш берушімен қарыз шартын жасасады.

Параграф 1. Шағын өнеркәсіптік аймақтарды құруды қаржыландыру

26. Шағын өнеркәсіп аймақтарын құруға арналған қарыз шартында кәсіпкерлік субъектілерінің 3%-га одан әрі кредиттеу үшін жоба құнының кемінде 10% мөлшерінде араластыру шартымен ӘҚК үшін сыйақы мөлшерлемесі – 1%. Бұл ретте кәсіпкерлік субъектілерінің жоба құнының кемінде 10% мөлшерінде өз қатысуы.

27. Кредиттік ұйым өнірлік институтпен қарыз шартын жасасады, онда:

- 1) қарыз валютасы – теңге;
- 2) қаржыландыру мерзімі – 10 жылға дейін.

Бұл ретте өтініш берушілермен 2025 жылға дейін жасалған қарыз шарттары бойынша қаржыландыру мерзімі – 15 жылға дейін;

- 3) жеңілдікті кезең – бірінші жыл (кредиттік ұйыммен келісім бойынша);- 4) қарызды өтеу тоқсан сайын жүргізіледі;

5) қарыз шарты шенберінде қаражат шағын өнеркәсіптік аймақтарды құруды қаржыландыру мақсаттарына ғана бағытталады;

6) кредиттік ұйымның шешімі бойынша өтініш беруші кредиттік ұйымның талаптарына сәйкес келетін қамтамасыз етуді ұсынуы тиіс;

7) қарыз шартының өзге де талаптары кредиттік ұйымның талаптарына сәйкес және /немесе тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 24.06.2025 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

28. Өнірлік институт өтініш берушімен қарыз шартын жасасады, онда:

- 1) қарыз валютасы – теңге;

2) қаржыландыру мерзімі – 10 жылға дейін.

Бұл ретте өтініш берушілермен 2025 жылға дейін жасалған қарыз шарттары бойынша қаржыландыру мерзімі – 15 жылға дейін;

3) жеңілдік кезеңі – бірінші жыл;

4) қарызды өтеу тоқсан сайын жүргізіледі;

5) қарыз шарты шеңберінде қаражат шағын өнеркәсіптік аймақтарды құруды қаржыландыру мақсаттарына ғана бағытталады;

6) өңірлік институттың талабы бойынша өтініш беруші өңірлік институттың талаптарына сәйкес келетін қамтамасыз етуді ұсынуға тиіс;

7) қарыз шартының өзге де талаптары тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

Ескерту. 28-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Өнеркәсіп және құрылым министрінің 24.06.2025 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

Параграф 2. Шағын өнеркәсіптік аймақтардың жұмыс істеу тәртібі

29. Шағын өнеркәсіптік аймақты жалдау ақысының құнын комиссия 28-тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген шарттық міндеттемелер мерзіміне айқындаиды, ол кредитор алдындағы шығыстарды жабу және шағын өнеркәсіптік аймаққа қызмет көрсету үшін жеткілікті болуға тиіс.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылым министрінің 24.06.2025 № 226 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

30. Жалдау ақысының құны өтініш беруші мен шағын өнеркәсіптік аймақтың әлеуетті резиденті арасындағы тұрғын емес үй-жайларды жалдау шартында көрсетіледі

31. Шағын өнеркәсіп аймағын құруға арналған қарыз шарты бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындау тұрғын емес үй-жайларды жалдау шартының қолданылуына байланысты жалдау ақысының құнын өзгерту үшін негіз болып табылмайды.

32. Шағын өнеркәсіптік аймақтың әлеуетті резиденті осы Қағидаларға 2 қосымшаға сәйкес шағын өнеркәсіптік аймақтың резиденті болуға өтінімді (бұдан әрі – өтінім) жергілікті атқарушы органдың атына мынадай құжаттар топтамасын қоса бере отырып жібереді:

1) занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (занды тұлға үшін);

2) мемлекеттік кірістер органында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер;

3) жобаның бизнес-жоспары.

33. Жергілікті атқарушы орган қоса берілген құжаттармен бірге әлеуettі резиденттің өтінішін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінімде қамтылған мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады және шағын өнеркәсіптік аймақтардың әлеуettі резиденттерінің тізіліміне енгізеді және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында орналастырады.

34. Осы Қағидалардың 32 тармағына сәйкес ұсынылған құжаттар топтамасын қарау қорытындылары бойынша жергілікті атқарушы орган мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) ұсынылған құжаттар топтамасы толық және дәйекті болған жағдайда, осы Қағидалардың 32 тармағына сәйкес құжаттар топтамасы қоса берілген өтініш шағын өнеркәсіптік аймақта инвестициялық жобаны іске асыруға шарт жасасу үшін өнірлік институттың атына және тұрғын емес үй-жайды жалдау шартын жасасу үшін өтініш берушіге осындай шешім шығарылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жіберіледі, сондай-ақ осы Қағидаларға 3 қосымшаға сәйкес шағын өнеркәсіптік аймақтар резиденттерінің тізіліміне енгізіледі;

2) өтініш қабылданбаған жағдайда, мұндай өтініш 3 (үш) жұмыс күні ішінде дәлелді бас тартуды қоса бере отырып, әлеуettі резидентке жіберіледі.

35. Өтінішті қабылдамау үшін шағын өнеркәсіптік аймақта инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның аудандарының және/немесе қажетті қуаттарының болмауы негіз болып табылады.

Шағын индустріялық
аймақтарды құру және олардың
жұмыс істеуі қағидаларына
1 Қосымша

Шағын өнеркәсіп аймағын құру туралы мәлімдеме

(ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетілген заңды тұлғаның толық атауы)
шағын өнеркәсіп аймағын құру тұжырымдамасын қоса бере отырып осы өтінішті жолдайды:

(тұжырымдама)

Заңды тұлға туралы мәліметтер:

(заңды тұлғаның мекенжайы (орналасқан жері), салық төлеушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі,

мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органның орналасқан мекенжайын көрсете отырып,

Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу фактісін

растайтын құжаттың деректері, занды тұлғаның байланыс деректері - телефон, факс нөмірі,

электрондық пошта мекенжайы)

Қосымшалар: _____ парақта _____ данада

Ұсынылған мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына кепілдік береміз.

Басшы _____ / _____

(транскрипциясы бар қолтанба)

Бас бухгалтер (занды тұлға үшін) _____ / _____

(транскрипциясы бар қолтанба)

Күні _____

Мөр орны (бар болса)

Шағын индустріялық
аймақтарды құру және олардың
жұмыс істейі қағидаларына
2 Қосымша

Шағын өнеркәсіптік аймақтың резиденті болуға өтінім _____ (шағын өнеркәсіптік аймақтың атауы)

(занды немесе жеке тұлғаның атауы)

сізден "_____ " (жобаның атауы) жобаны

_____ шағын өнеркәсіптік аймақ аумағында іске асыру
мүмкіндігін қарауды сұрайды.

Қосымшалар:

1) мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама _____ парақта, _____
данада;

2) мемлекеттік кірістер органында жүргізілетін берешектің жок (бар) екендігі
туралы мәліметтер _____ парақта, _____ данада;

3) жобаның бизнес-жоспары _____ парақта, _____ данада.

Күні: "_____" _____ 202_ жыл

Мөр орны (бар болса)

Меншігінде
ш ағын

Шағын индустріялық
аймақтарды құру және олардың
жұмыс істейі қағидаларына
3 Қосымша

Шағын өнеркәсіптік аймақтар резиденттерінің тізілімі

_____	_____	_____	_____	_____
-------	-------	-------	-------	-------

№	Шағын өнеркәсіптік аймақтың атауы	Шағын өнеркәсіптік аймақтың заңды мекен-жайы	өнеркәсіптік а й м а қ орналасқан занды тұлғанын атауы	Шағын өнеркәсіптік а й м а қ резидентінің атауы	Тұрғын өмес үй-жайды жалдау шартының нөмірі мен күні
1	2	3	4	5	6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК